

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

THE BULLETIN

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН
ИЗДАЕТСЯ С 1944 ГОДА
PUBLISHED SINCE 1944

5

АЛМАТЫ
АЛМАТЫ
ALMATY

2016

ҚЫРКҮЙЕК
СЕНТЯБРЬ
SEPTEMBER

Б а с р е д а к т о р ы

х. ғ. д., проф., ҚР ҰҒА академигі

М. Ж. Жұрынов

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

Абиев Р.Ш. проф. (Ресей)
Абишев М.Е. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Аврамов К.В. проф. (Украина)
Аппель Юрген проф. (Германия)
Баймуқанов Д.А. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Байпақов К.М. проф., академик (Қазақстан)
Байтулин И.О. проф., академик (Қазақстан)
Банас Иозеф проф. (Польша)
Берсимбаев Р.И. проф., академик (Қазақстан)
Велихов Е.П. проф., РҒА академигі (Ресей)
Гашимзаде Ф. проф., академик (Әзірбайжан)
Гончарук В.В. проф., академик (Украина)
Давлетов А.Е. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Джрбашян Р.Т. проф., академик (Армения)
Қалимолдаев М.Н. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан), бас ред. орынбасары
Лаверов Н.П. проф., академик РАН (Россия)
Лупашку Ф. проф., корр.-мүшесі (Молдова)
Мохд Хасан Селамат проф. (Малайзия)
Мырхалықов Ж.У. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Новак Изабелла проф. (Польша)
Огарь Н.П. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Полещук О.Х. проф. (Ресей)
Поняев А.И. проф. (Ресей)
Сагиян А.С. проф., академик (Армения)
Сатубалдин С.С. проф., академик (Қазақстан)
Таткеева Г.Г. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Умбетаев И. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Хрипунов Г.С. проф. (Украина)
Якубова М.М. проф., академик (Тәжікстан)

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print)

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы»РҚБ (Алматы қ.)

Қазақстан республикасының Мәдениет пен ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде
01.06.2006 ж. берілген №5551-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 2000 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., 220, тел.: 272-13-19, 272-13-18,
www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2016

Типографияның мекенжайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Муратбаева көш., 75.

Г л а в н ы й р е д а к т о р
д. х. н., проф. академик НАН РК
М. Ж. Журинов

Р е д а к ц и о н н а я к о л л е г и я:

Абиев Р.Ш. проф. (Россия)
Абишев М.Е. проф., член-корр. (Казахстан)
Аврамов К.В. проф. (Украина)
Апель Юрген проф. (Германия)
Баймуканов Д.А. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Байпаков К.М. проф., академик (Казахстан)
Байтулин И.О. проф., академик (Казахстан)
Банас Иозеф проф. (Польша)
Берсимбаев Р.И. проф., академик (Казахстан)
Велихов Е.П. проф., академик РАН (Россия)
Гашимзаде Ф. проф., академик (Азербайджан)
Гончарук В.В. проф., академик (Украина)
Давлетов А.Е. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Джрбашян Р.Т. проф., академик (Армения)
Калимолдаев М.Н. проф., чл.-корр. (Казахстан), зам. гл. ред.
Лаверов Н.П. проф., академик РАН (Россия)
Лупашку Ф. проф., чл.-корр. (Молдова)
Мохд Хасан Селамат проф. (Малайзия)
Мырхалыков Ж.У. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Новак Изабелла проф. (Польша)
Огарь Н.П. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Полещук О.Х. проф. (Россия)
Поняев А.И. проф. (Россия)
Сагьян А.С. проф., академик (Армения)
Сатубалдин С.С. проф., академик (Казахстан)
Таткеева Г.Г. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Умбетаев И. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Хрипунов Г.С. проф. (Украина)
Якубова М.М. проф., академик (Таджикистан)

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов
Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5551-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год

Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18.

www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2016

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

E d i t o r i n c h i e f

doctor of chemistry, professor, academician of NAS RK

M. Zh. Zhurinov

E d i t o r i a l b o a r d:

Abiyev R.Sh. prof. (Russia)
Abishev M.Ye. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Avramov K.V. prof. (Ukraine)
Appel Jurgen, prof. (Germany)
Baimukanov D.A. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Baipakov K.M. prof., academician (Kazakhstan)
Baitullin I.O. prof., academician (Kazakhstan)
Joseph Banas, prof. (Poland)
Bersimbayev R.I. prof., academician (Kazakhstan)
Velikhov Ye.P. prof., academician of RAS (Russia)
Gashimzade F. prof., academician (Azerbaijan)
Goncharuk V.V. prof., academician (Ukraine)
Davletov A.Ye. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Dzhrbashian R.T. prof., academician (Armenia)
Kalimoldayev M.N. prof., corr. member. (Kazakhstan), deputy editor in chief
Laverov N.P. prof., academician of RAS (Russia)
Lupashku F. prof., corr. member. (Moldova)
Mohd Hassan Selamat, prof. (Malaysia)
Myrkhalykov Zh.U. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Nowak Isabella, prof. (Poland)
Ogar N.P. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Poleshchuk O.Kh. prof. (Russia)
Ponyaev A.I. prof. (Russia)
Sagiyani A.S. prof., academician (Armenia)
Satubaldin S.S. prof., academician (Kazakhstan)
Tatkeyeva G.G. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Umbetayev I. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Khripunov G.S. prof. (Ukraine)
Yakubova M.M. prof., academician (Tadjikistan)

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print)

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5551-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,
<http://nauka-nanrk.kz/>, <http://bulletin-science.kz>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2016

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

**BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ISSN 1991-3494

Volume 5, Number 363 (2016), 233 – 240

M. O. NassimovUniversity «Bolashak», Kyzylorda, Kazakhstan.
E-mail: nasimov_m@mail.ru**POLITICAL FORECASTING: ESSENCE AND METHODS**

Abstract. Social and political life of any country can not develop without its prediction. As practice shows, the higher and better the level of forecasts development, the more efficient the planning of the political development of society and its management. Without the ability to foresee the course of research and development of political processes is not possible to ensure the stability and functioning of the political system, to contribute to its internal and external changes.

In order to provide answers to difficult questions, it requires continuous learning and prediction of the political situation, analytical anticipation of progress in its development. The researchers and analysts need to have scientifically researched and validate a prognostic aid.

In this scientific article the essence and methods of political forecasting is considered. The author divides all forecasting methods on intuitive and formal methods. The intuitive method the types of interview techniques, policy briefs, scenario method, questioning, brainstorming and Delphi are analyzed. In turn, formal methods comprise interpolation and extrapolation, mathematical modeling, probability theory, mathematical statistics, system-structural and associative techniques.

Keywords: social and political development, basic methods of political forecasting, intuitive and formal forecasting methods, the nature of forecasting, management.

ӨОЖ 32.019.52

М. Ө. Насимов

«Болашақ» университеті, Қызылорда, Қазақстан.

САЯСИ БОЛЖАМ: МӘНІ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ

Аннотация. Кез келген мемлекеттің қоғамдық және саяси өмірі оны болжаусыз дами алмайды. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, болжам әзірлемелерінің деңгейі жоғары және сапалы болған сайын қоғамның және оны басқарудың саяси дамуын жоспарлау шынайы, тиімді және нәтижелі болады. Саяси процестердің дамуындағы ғылыми болжауды игермей, саяси жүйенің дамуы мен қызметіндегі тұрақтылықты, оның сыртқы және ішкі өзгерістерін қамтамасыз ету мүмкін емес.

Күрделі сауалдарға жауаптар беру үшін саяси ахуалды үздіксіз зерттеуге және болжауға, оның даму жолдарын анықтауға сараптамалық мәлімдемелер дайындалуы қажет. Бұл мақсатта зерттеушілер мен сарапшылар ғылыми әзірленген және негізделген болжам аппараттарының құралдарын игерулері қажет.

Ғылыми мақалада саяси болжамның мәні мен әдістері қарастырылады. Мақала авторы болжамның барлық әдістерін интуициялық және нысандандырылған деп бөледі. Интуициялық әдістер арасынан сұхбат, сараптамалық баяндамалар, сценарийлер жазу, сауалнама жүргізу, ақылдылар сарабы мен Дельфи тәсілдері қарастырылады. Өз кезегінде нысандандырылған әдістер арасынан интерполяция және экстраполяция, математикалық модельдеу, ықтималдық теориялар, математикалық статистика, жүйелік-құрылымдық және ұқсастық әдістері айқындалады.

Түйін сөздер: әлеуметтік-саяси даму, саяси болжамның негізгі әдістері, болжамның интуициялық және нысандандырылған әдістері, болжам табиғаты, басқару.

Кіріспе. Бүгінде саяси болжам жас ғылым әрі пән саласы ретінде академиялық ізденістермен қатар, қоғамның барлық салаларында қызығушылық туындатып отыр. Оның қажеттілігі саяси қатынастар, үрдістер мен қимылдар секілді саясаттың құрамдас бөліктерінің серпінді дамуымен тығыз байланысты. Басқарудың кез келген субъектісі саяси жүйенің тұрақты қызметін қалайды және ол ішкі процестер қарқындылығын танытады. Қоғамды сауатты және рационалды басқаруда саяси дамудың танымал заңдылықтары мен үрдістерін қолданатын болжаудың маңыздылығы жоғары.

Дұрыс және сенімді болжам арқылы әлеуметтік-саяси дамудың басымдықтары айқындалып, көреген саяси қимылдар жүргізіледі. Осыған сәйкес саяси болжам мәселелері, оның теориялық-әдістемелік қағидалары мен құралдарына сүйенген саясаттағы болжамдарды әзірлеу өзекті саналады.

Ғылыми негізделген болжамдарға ие саяси органдар ахуал барысы, қажетсіз жағдайларға уақытылы мән беру, басқару мен бақылау тиімділігін арттыру секілді мүмкіндіктерге ие. Әрине, ықтимал жағдайларды болжау үшін көптеген шараларға баруы керек. Өйткені, саяси басқарудың субъектісі әрдайым өз саяси әрекеттерінің ықтимал мүмкіндіктерін болжаммен қарауға міндетті.

Саяси болжау алда болатын саяси құбылыстар мен оқиғаларды анықтаудың ғана құралы емес. Ол саяси үдерістер, бұқаралық сана мен мінез-құлықты басқарудың маңызды құралы болып табылады. Саясаттағы болжам тек саяси оқиғаны жорамалдап қана қоймай, ол жағдайдың орын алуы немесе алдын алуға ықпал жасайды. Саяси болжамның әдістемелік мәселелерін зерттеу болжау шынайылығының деңгейін жоғарылатады. Сәйкесінше, бұл жағдай саяси жүйе мен қоғамның дамуын басқаруды ілгері жылжытады.

Осы зерттеу жұмысының ғылыми нысанына айналып отырған түсінікті Батыс ғалымдары арасында өткен ғасырдан бастап Дж.В. Чапман (J.W. Chapman) [1], Д.В. Бун (D.W. Bunn), М.М. Мустафаоглы (M.M. Mustafaoglu) [2], Д.А. Сильван (D.A. Sylvan), С.Дж. Торсон (S.J. Thorson) [33], Г. Райс (G. Rice) [4], У. Ашер (W. Ascher), У.Х. Оверхолт (W.H. Overholt) [5], Г. Райс (G. Rice), Е. Махмуд (E. Mahmoud) [6] қарастырып келеді. Тақырып бойынша соңғы жылдары жарық көрген Б. Арва (B. Arva), Дж. Бейлер (J. Beiler), Б. Фишер (B. Fisher), Г. Лара (G. Lara), Ф.А. Шродт (P.A. Schrodtt), В. Сонг (W. Song), М. Совелл (M. Sowell), С. Стехл (S. Stehle) [7], А. Гринспан (A. Greenspan) [8], К.А. Кларк (K.A. Clarke), Д.М. Примо (D.M. Primo) [9] еңбектерінің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы жоғары. Бір таңқаларлығы, Батыс ғалымдары электр-ралдық кезеңдегі ахуалды болжауға арналған ғылыми еңбектерге көп мән берген. Ғылыми зерттеудің негізгі мақсаты саяси болжам түсіні болғандықтан, бұл еңбектерге назар аударылмады.

Ресейлік авторлар қатарынан В.В. Гушин [10], А. Панарин [11], О.В. Попова [12], С. Туронок [13] еңбектерін ерекше атап өтуімізге болады.

Қазақстандық саяси ғылымдарда берілген сала бойынша Р. Әбсаттаров [14], М.Б. Тілеубекованың [15], [16] еңбектері маңызды деп ойлаймыз.

Әдіснама. Зерттеу жұмысының нысаны – саяси болжам болып табылады. Зерттеу пәніне саяси болжамның мәні мен әдістері жатады. Зерттеу жұмысының мақсаты – саяси болжамның мәні мен әдістеріне сипаттама беру болып табылады.

Зерттеу жұмысы барысындағы нәтижелерді алу отандық, ресейлік және шет елдік ғалымдар зерттеулерлерінің теориялық әдебиеттерін салыстырмалы талдау арқылы мүмкін болды. Саяси ғылымдардың теориялық зерттеулері, жүйелік тәсіл мен жиынтықтау әдістері зерттеудің әдістемелік негізі болып табылады. Зерттеу жұмысының эмпирикалық қорын шет елдік және отандық ғалымдардың саяси болжамды зерттеу мәселесіне байланысты еңбектер құрайды.

Нәтижелер мен талқылау. Баршамызға мәлім, жорамалдаудың қоғамдық табиғаты ғылыми болжаумен тығыз байланысты және оның алғышарттары болып гипотезалар, заңдар, теориялар саналады. Ғылыми болжам келешек туралы дәл және толық ақпарат бере алмайтындығын мойындауымыз қажет. Мұқият ойластырылған болжамның өзі белгілі бір шынайылық дәрежесін иелену мүмкін. Ғылыми жорамал ықтималдылыққа сүйенгендіктен, оның шынайылық дәрежесі төмендегідей себептермен байланысты: болжануы тиіс оқиға, құбылыс пен үдеріс арасындағы мерзім; зерттелу нысанының заңдылықтары, дәстүрлері, ерекшеліктерін толыққанды білу; болжануға тиісті мәселе және оның құрамдас бөліктерінің құбылмалы өзгерістерін алдын алу.

Өз кезегінде, болжамның негізгі міндеттеріне мыналар жатады: әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени үдерістер мен құбылыстарды ғылыми сараптау, орын алған ахуалды бағалау және дамудың басты мәселелерін айқындау; аталмыш үрдістердің болашақтағы жағдайын бағалау, шешуді талап ететін жаңа мәселелерді анықтау; дамуға байланысты баламалы мүмкіндіктерді әзірлеу.

Әлеуметтік-саяси, экономикалық өмірде болжам төмендегідей маңызды қызметтер атқарады: әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени, рухани, ғылыми-техникалық үдерістерді ғылыми талдау; әлеуметтік-экономикалық және саяси құбылыстар мен үдерістер арасындағы өзара байланыстарды зерттеу; болжау нысанын бағалау; экономикалық және әлеуметтік дамудың баламалы жолдарын айқындау; нақты шешімдер қабылдаудың негізделген ғылыми материалдарын жиынтықтау.

Саяси жағдай өздігінен орын алмайтындығы баршамызға белгілі. Әрбір ахуалдың негізінде адамзат қызметінің салдары жатыр. Бұл болжам шеңберінде объективті және субъективті белгілерінің орын алуымен байланысты. Сондықтан саяси өмір келешекке болжаммен қарауды талап етеді. Өйткені, саясаттағы болжамдау саяси шешімдер қабылдауда шешуші рөл атқарады. Сонымен қатар, болжау басқарудың маңызды қызметін атқаратындығын ескергеніміз жөн.

Философия ғылымдарының докторы, профессор Р.Б. Әбсаттаровтың пайымдауынша: «Саяси болжам, жалпы болжам ретінде білімнің барынша қиын берілетін түрі. Бұл осы білімнің нысаны, әдеттегідей, әзірге орын алмаған оқиға немесе құбылыс болып табылатындығымен байланысты. Орын алған құбылысты, оқиғаны немесе үдерісті сипаттау мен түсіндіру анағұрлым оңай екендігі әбден түсінікті де. Өйткені, біріншіден орын алған оқиғаның орны бар және ол белгілі бір формада, өзіне тән мазмұнда көріне береді, екіншіден бұл орын алған оқиғаға дамудың белгілі бір бағыты берілген.

Алда не болатындығын және білмейтін саладан не келетіндігіне қатысты айтар болсақ, оның не өзіндік формасы, не өзіндік мазмұны жоқ, бұл орын алмаған оқиғаның абстракциясы өзінің дамуында көп нұсқалығы мен баламалылығының алуан түрлігімен біздің алдымыздан шығып тұрады» [17].

Саяси болжам көптеген әдістер мен тәсілдерді қолданады. Зерттеу жұмысында саяси болжамның негізгі әдістеріне тоқталсақ. Жалпы саяси болжамның барлық әдістері **интуициялық** және **нысандандырылған** болып бөлінеді.

Интуициялық әдіс көп жағдайда саяси нысанның факторларына сараптамалық талдау көмегі азайып, болжам күрделенген сайын қолданылады. Мұндай жағдайда мамандар сарапшылар сұрауларына жүгінеді. Жеке және ұжымдық сарапшылар бағалауынан алынған нәтижелер соңғы болжам болып табылады және болжаудың кешенді жүйесін құрады.

Жеке сарапшылар бағамы тобына сұхбат әдісі, сараптамалық баяндамалар, сценарийлер жазу әдісі жатады. Ұжымдық сарапшылар бағалауында сауалнамалар, ақылдылар сарабы тәсілдері қолданылады. Бұл топ арасына Дельфи әдісін ерекшелеп айта аламыз.

Сұхбат әдісі. Әдіс алдын ала дайындалған жоспар бойынша психологиялық коммуникация тәсілін қолданған сарапшы мен субъект арасында жүзеге асады. Сұхбаттасу барысында сарапшы жауап берушіге сауал қойып, белсенді екі жақты әңгімелесу жүргізілмейді, пікірлеріне қатысты ойларын, бағасын жарияламайды. Ұйымдастырушы міндетіне сұралушы жауаптары мазмұнына ықпал ету және әңгімелесудің жағымды ахуалын қамтамасыз ету жатады. Сұхбат жүргізудің мақсаты зерттеу міндеттеріне сәйкес сауалдарға жауаптарды талдау болып табылады.

Зерттеулер кезеңдеріне байланысты бөлінеді: алдын ала жүргізілетін сұхбат (алғашқы зерттеу сатысында қолданылады); негізгі сұхбат (негізгі мәліметтерді жинау сатысында пайдаланылады); бақылау үшін жүргізілетін сұхбат (талас тудырған нәтижелерді тексеру және мәліметтерді толықтыруда пайдаланылады). Сұхбат жүргізу жеке, топтар арасында немесе бұқара арасында жаппай формаларда жүргізілуі мүмкін.

Сараптамалық баяндамалар әдісі. Кез келген зерттеулердің жиынтықталған материалдарын құрайтын құжат болып табылады. Зерттеу жұмысында тұжырымдаманың мәселесі баяндалып, қорытындылар айқындалады. Құжаттың құрылымы мен көлеміне байланысты қатып қалған талаптар жоқ. Құрылымының негізгі нұсқалары мынадай бөліктерден тұруы мүмкін:

- аннотация (құжатта мәселенің мазмұндық мәні айтылады, пайда болуының себептері мен салдары көрсетіледі, нысанның мақсаты мен міндеттері айқындалады, алынған нәтижелерде

қолданылған зерттеу әдістері негізделеді. Түйіндемеде пайдаланылған ақпарат көздері туралы айтылады);

- мазмұны (құжаттың барлық құрылымдық атаулары көрсетіледі);

- кіріспе (мәселенің қойылуы және әдіснамалық қағидаларына сипаттама беріледі. Ақпаратты өңдеу бойынша қолданылған әдістеме түсіндіріледі);

- негізгі бөлім (зерттеу мәні ашылады. Логикалық реттілікпен кезеңдік талдау және жиынтықтау нәтижелері анықталады. Гипотезалар, нәтиже нұсқалары және оны негіздеу тараулар мен тараушалардан тұрады);

- қорытынды (кез келген сараптамалық баяндаманың соңында қорытындылар, болжамдар мен ұсыныстар беріледі);

- қосымша (түрлі кесте, шартты белгілер, глоссарий, құжаттың негізгі бөлімін толықтыратын ақпараттар. Пайдаланылған дерек көздері мен әдебиеттер қажеттілігіне және басшылық талабына сәйкес беріледі).

Байқап отырғанымыздай, сараптамалық баяндамалар талаптары ғылыми журналдар қоятын ережелерге сәйкес келеді. Сондықтан ғылыми мақала мен сараптамалық баяндама бірдей қызмет атқарады.

Сценарийлер жазу әдісі. Ұзақмерзімді жоспарлау мен болжам жасауда негізгі тәсілдер ретінде сценарийлер жазу әдісі қолданылады. Сценарлы жоспарлаудың негізгі құралы болып сценарлы талдау саналады. Бұл әдіс тәртіпсіз ортадағы жоғары беймәлім деңгейдегі үдерістерді стратегиялық тұрғыдан басқару кезеңінде пайдаланылады. Американдық ғалым Д.А. Аакердің пікірінше: «Сценарийлер – бұл бір біріне ықпал жасайтын күрделі ортадағы үдерістер мен оқиғаларды талдау тәсілі» [18].

Сценарлы талдауды жүргізудің заманауи әдістері мынадай тәсілдерге сүйенеді: ішкі ортаны талдау (ықпал жасайтын факторларды айқындау және зерттеу, мезгілдік шеңберін анықтау; ішкі ортаның белгісіздік және ауытқушылық деңгейін дұрыс түсіну үшін өтіп кеткен үдерістерді сараптау) [19]; сценарийлерді әзірлеу (талдаудың ең ұзақ және шығармашылықты талап ететін кезең. Кезеңдер мынадай сатылардан тұрады: айнымалы өзгерістерді таңдау; сценарийлердің түрлі қорытындыларын жобалау; маңызды айнымалы өзгерістерді құрамдастыру және сценарийлер жазу); құрылған сценарийлерге сәйкес стратегияларды әзірлеу (сценарийлер таңдауға байланысты негізгі тәсілдер: дамудың ықтимал сценарийлерін ұстану; ең жақсы сценарийді ұстану; келісімге бару, икемділікті сақтау, сценарий қорытындыларына ықпал жасау) [20].

Сауалнама жүргізу әдісі. Сауалнама сұрау салудың негізгі құралы болып табылады және зерттеу жұмысы жүргізіп отырған міндеттермен тығыз байланысты құрылымдық-ұйымдастырушылық сауалдардан тұратын әлеуметтанулық құжат болып табылады. Сауалнама пікірлерді зерттеудің әлеуметтік-психологиялық әдісі ретінде кез келген сұрақтарға еркін жауап беру жолдары және сауалнамадағы дайын жауаптарды таңдау мүмкіндіктерін жасайды. Нәтиже қорытындылары зерттеліп отырған нысанның сипаттамалық белгілерін анықтаудың негізгі ақпараты саналады.

Сауалнама әзірлеу бірнеше кезеңдерден өтеді: 1) сауалнама мазмұнын анықтау. Зерттеудің негізгі гипотезаларын ғылыми тілден, ауызекі сөзге айналдыру; 2) қажетті сауалдар түрін таңдау (ашық-жабық, негізгі-қызметтік); 3) қойылатын сұрақтар саны мен реттілігін анықтау.

Бүгінгі таңда сауалнаманы бетбе-бет жүргізумен қатар, телефон, онлайн арқылы жүргізу қарқынды дамуда. Кез келген сауалнаманы тиімді жүргізу үшін мынадай қадамдар жасалады: мәселені тұжырымдау және міндеттерді айқындау; респонденттерді таңдау; сауалнама сұрақтарын қалыптастыру; респондентпен әңгімелесу сценарийін әзірлеу; сауалнаманың жүргізілуі; мәліметтерді өңдеу және тексеру; есепті әзірлеу және қорытындыларын жасау.

Ақылдылар сарабы әдісі. Бұл тәсіл шығармашылық белсенділікті ынталандырып, талқылау қатысушыларына шешімді шығару бойынша бірнеше нұсқаларды ұсынуға мүмкіндік береді. Кейін айтылған идеялар арасындағы сәтті тұжырымдар таңдалып, тәжірибеде қолдануға ұсыныс жасалады.

Дұрыс ұйымдастырылған ақылдылар сарабы үш негізгі кезеңнен өтеді: мәселенің қойылуы; идеялар іздестіру, тудыру; идеяларды топтау, таңдау және бағалау. Шара барысында көп жағдайда

екі топ құрылады: міндетті шешуге жаңа нұсқаларды ұсынатын қатысушылар; ұсынылған шешімдерді өңдейтін сарапшылар.

Ресей ғалымы П.А. Стариков әдістің мынадай басымдықтарын атап көрсетеді: білімі мен тәжірибесінің бір бірінен айырмашылығы бар, болашақ туралы көзқарастары әр түрлі мамандардың бірлескен қызметі сапалы нәтиже береді; жаңа тұжырымдамалар, көріністер басымдығы мен қызықты үйлесімділік адамзат тәжірибесі саласының түрлі пәндері түйіскен тұста пайда болады; игілікті жағдай қатысушылардың мәселеге сыни және шығармашылық көзқараспен қарап, онтайлы күй мен сенімділікті күшейтеді [21].

Дельфи әдісі. Сарапшылық бағалаудың түрі болып табылатын бұл әдістің ерекшелігі: көп деңгейлілігі; сарапшылар жасырындылығы; әрбір сарапшының жеке тәуелсіз бағасы; топтық жауаптың статистикалық сипаттамасы. Саяси ахуалға байланысты тәжірибелі сарапшылардың жеке бағалауын сауатты түрде жиынтықтау, өңдеу арқылы шынайы және дәйекті ұжымдық пікірлер қалыптастыруға болады.

Сұрау салу, сұхбат алу, ақылдылар сарабы көмегімен жүретін әдіс дұрыс шешім қабылданған жағдайда ғана қажетті келісімге келеді. Дельфи әдісі көмегімен жүретін талдау бірнеше кезеңдерде өтіп, нәтижелері статистикалық тәсілдермен өңделеді.

Әдістің негізгі қағидасы сараптама жұмысына бірін бірі танымайтын сарапшылардың пікірлерін салыстырмалы тұрғыдан талдау болып табылады. Сарапшылар арасында өзара байланыстардың болмауына байланысты қарама-қарсы ұстанымдағы азаматтар арасында ашық түсініспеушіліктер орын алмайды. Әдіс субъектілеріне әрқайсысы жеке жазбаша түрде жауап беретін зерттеушілер тобы мен сарапшылар пікірлерін біріктіретін ұйымдастырушылық топ жатады,

Саяси болжамның *нысандандырылған әдісі* болжаудың математикалық теориялары құралдары арқылы жүзеге асады және болжамның шынайылығы мен дәлдігін жоғарылатуға септігін тигізеді. Сонымен қатар, қорытындының орындалу мерзімін айтарлықтай қысқартады, нәтижелер туралы ақпарат пен бағалаудың өңдеу жұмыстарын жеңілдетеді. Бұл әдістің құрамына интерполяция және экстраполяция, математикалық модельдеу, ықтималдық теориялар мен математикалық статистика әдістері енеді. Нысандандырылған әдістердің жалпы шаралар қағидаларын мынадай топтарға бөліп қарастыруымызға болады: жүйелік-құрылымдық және ұқсастық әдістер. Жүйелік-құрылымдық әдіс қызметтік-иерархиялық модельдеу, морфологиялық талдау, құрылымдық үйлесімділік әдістеріне сүйенеді. Ұқсастық әдістері көп жағдайда тарихи-логикалық талдауға баса назар аударады.

Интерполяция және экстраполяция әдісі. Нақты ғылымдарда интерполяция және экстраполяция терминдері жиі қолданылады. Интерполяция латынның «*interpolatio*» - өзгеріс, жаңарту деген мағына береді. Әдіс барысында логикалық немесе статистикалық мәліметтерді қолдану арқылы өзгермелі құбылыстар айқындалады. Экстраполяция латынның «*extra*» - асыра, «*rolio*» - өзгертемін деген сөздерінен шыққан. Болжамның нақты пәні немесе құбылысқа бағытталушы логикалық тәртібі болып саналады.

Дамудың интерполяциясы мен экстраполяциясын анықтау жұмыстарын түрлі тәсілдермен жүргізуге болады. Қарапайым тәсілдеріне орташа шексіз өсім (тұрақты тізбекті шексіз өсім арқылы) мен орташа даму шамасы (тұрақты даму екпіні арқылы) сипаттамасын зерттеу болып табылады.

Математикалық модельдеу әдісі. Тәжірибелік міндеттерді математикалық әдіспен шешу мақсатты негіздеу, әдісті таңдау және алынған нәтижелерін талдау арқылы бірізді жолмен жүреді. Нысан мен құбылысты сипаттау үздіксіз немесе дискретті, детерминацияланған немесе стохастикалық секілді математикалық тәсілдер арқылы жүзеге асады.

Әдістің өзі төмендегідей бірнеше модельдерге сүйенеді: гипотезалық (құбылысты сынамалы сипаттау арқылы зерттеуші оның растығына сенеді, немесе ақиқат екендігін мойындайды), феноменологиялық (уақытша шешімдер мәртебесіне ие және құбылысты сипаттау тетіктерін қолданады), жуықтау (теңгерімді теңестіру арқылы жүзеге асады), оңайтылған (нәтижеге ықпалы жоқ бөлшектерді зерттеу нысанынан алу), эвристикалық (ақиқаттың сапалық белгілерін сақтайды және болжамның көлемдік реттілігі бойынша жүргізіледі), үйлестік (кейбір ерекшеліктері ескеріледі), ойдағы тәжірибе (мүмкіндікті теріске шығару басты мәселе саналады), мүмкіндіктерді көрсету (мүмкіндіктің ішкі қайшылықсыздығын таныту).

Ықтималдық теориясы мен математикалық статистика әдісі. Теория кездейсоқ құбылыстар заңдылықтарын зерттеумен айналысады. Тәжірибе мен бақылау құбылыстардың сынамасы болып табылады және оның нәтижесі тұрақсыздықты айқындайды.

Жалпы ықтималдық теориясы кез келген оқиға мен құбылыстың математикалық заңдылықтарын зерттейді және математикалық статистиканың теориялық негізі болып табылады. Ықтималдық теориясының міндеті нысанның ықтималдылықтар мен сандық сипаттамалық белгілерін (математикалық болжам, дисперсия және т.б.) табу, тапсырыс берушіге нәтиженің қызметтік және жиілігіне қарай тапсырманы үйлестіру болып табылса, математикалық статистика міндетіне бақылауда айқындалған нәтижелерге байланысты мәліметтерді тарату жатады. Демек, математика бөлімі болып табылатын математикалық статистика мәліметтерді жинау, жүйелендіру, өңдеу арқылы ғылыми негізделген қорытындылар және оның негізінде шешім қабылдау әдістерін зерттейді.

Жүйелік-құрылымдық әдісі. Заманауи саяси ғылымдарда көп жағдайда жүйелік тәсіл деп аталатын жүйелік-құрылымдық әдістің орны ерекше. Жүйелік әдіс нысанның құрылымы мен оның бөлшектерінің орнын басты назарда ұстайды. Бұл әдіс заңдылықтарға сәйкес нысанның жеке бөлшектерінің маңызды сипаттамалық белгілерін айқындайды және осы нәтижелері арқылы жалпы көрінісін дәйектейді.

Бұл үшін мынадай негізгі қимылдар жасалады: тұтастық ұғымы зерттеліп, бөлшектің құрылымдық белгілері нақтыланады; нысан өзегін құратын құрылымның бірігу заңдылықтары зерттеледі; жүйенің құрылымдық-қызметтік ерекшеліктерін зерттеу; жүйенің тегі, оның шегі мен басқа жүйелермен байланыстарын айқындау.

Ұқсастық әдісі. Бұл әдіс шығармашылық ойлау қабілетінің белсенділігін арттырып, сөздер мағынасын сараптауға назар аударады. Жаңа идеялар туындауы үшін кездейсоқ сөздердің түсіндірмесі мен теңеулері негізгі дерек көзі болып табылады. Аталмыш әдісте тізімдемелер, нысанды бөлшектеу, кездейсоқтар мен түсіндірмелер әр түрлілігі тәсілдері кеңінен қолданылады.

Зерттеу жұмысы барысында вербальды ұқсастықтар (еркін нысан, бағытталған нысан, дербес нысан), вербальды емес ұқсастықтар (сөздер, суреттер, коллаждар), оқиғалық ұқсастықтар, тұлғалық ұқсастықтар мен BrandSight Gallery, Needscope әдістері пайдаланылады. Сонымен қатар, тарихи және ақпараттық оқиғаларды талдауға бағытталған сараптамалық жұмыстар жүргізіледі. Жұмыс нәтижелері қоғам тарихи сабақ алған оқиғаларды қайталамауға ұсыныстар береді.

Қорытынды. Бір мақала шеңберінде саяси болжамның мәні мен әдістерін ашу мүмкін емес. Зерттеу тақырыбына байланысты көптеген ғылыми жұмыстар жүргізу қажеттілігі байқалады. Бұл зерттеулер саяси болжаммен айналысатын сала мамандарына көп көмегін беретіндігіне сенімдіміз.

Қазіргі заманғы әдебиеттерді сараптай келе, ұғымның мәні мен әдістерін зерттеу эмпирикалық жағынан күрделіліктер туындатады. Айқындалғандай, саяси болжам әдістерін қолдануға байланысты ғалымдар арасында нақты ұсыныстар жоқ.

Ғылыми-зерттеу жұмысы көрсеткендей, саяси болжам әдістері өзара байланысты және бір-бірінің кемшілігін толтырып отырады. Саяси болжамдаудың барлық әдістерін кешенді түрде пайдалану арқылы зерттеліп отырған саяси нысанды жүйелі әрі жан-жақты талдауға болады және оның келешектегі ахуалы туралы дәл және шынайы болжам аламыз.

ӘДЕБИЕТ

[1] Chapman J.W. Political Forecasting and Strategic Planning // International Studies Quarterly. - 1971. - Vol. 15, Issue 3. - pp. 317-357.

[2] Bunn D.W., Mustafaoglu M.M. Forecasting Political Risk // Management Science. - 1978. - Vol. 24, Issue 15. - pp. 1557-1567.

[3] Sylvan D.A., Thorson S.J. Choosing Appropriate Techniques for Socio-Political Forecasting // Policy Sciences. - 1980. - Vol. 12, Issue 3. - pp. 265-282.

[4] Rice G. Strategic Planning and Forecasting Political Risk and Economic Opportunity // Strategic Management Journal. - 1986. - Vol. 7, Issue 1. - pp. 97-98.

[5] Ascher W., Overholt W.H. Strategic Planning and Forecasting: Political Risk and Economic Opportunity. - 1st Edition. Wiley-Interscience, 1983. - 311 p.

[6] Rice G., Mahmoud E. A Managerial Procedure for Political Risk Forecasting // Management International Review. - 1986. - Vol. 26, Issue 4. - pp. 12-21.

[7] Arva B., Beieler J., Fisher B., Lara G., Schrodt P.A., Song W., Sowell M., Stehle S. Improving Forecasts of International Events of Interest. - The Pennsylvania State University, 2013. - 59 p.

- [8] Greenspan A. *The Map and the Territory: Risk, Human Nature, and the Future of Forecasting* Hardcover. - Penguin Press, 2013. – 400 p.
- [9] Clarke K.A., Primo D.M. *Modernizing Political Science: A Model-Based Approach // Perspectives on Politics*. – 2007. – Volume 5, Issue 4. – pp. 741-753.
- [10] Гуцин В.В. Умение предвидеть. Как этому научиться. Практическая методика научного прогнозирования политических процессов. – М.: Ленанд, 2015. – 456 с.
- [11] Панарин А. *Глобальное политическое прогнозирование*. – М.: Алгоритм, 2002. – 352 с.
- [12] Попова О.В. *Политический анализ и прогнозирование*. – М.: Аспект Пресс, 2011. – 464 с.
- [13] Туронок С. *Политический анализ и прогнозирование*. – М.: Юрайт, 2016. – 291 с.
- [14] Әбсаттаров Р.Б. Саяси болжамдаудың өзекті проблемалары // Ақиқат. - 2009. - № 9. - 13-19 бб.; № 10. - 24-29 бб.
- [15] Тлеубекова М.Б. Роль политического прогнозирования в современных политических процессах // Саясат. – 2010. - №5. - С. 71-74.
- [16] Тлеубекова М.Б. Теоретико-методологические основы исследования политического прогнозирования // Евразийское сообщество: общество, политика, культура. – 2010. - №2. - С. 155-160.
- [17] Әбсаттаров Р.Б. Саяси болжамдаудың әдістері және саяси болжамдағы қателіктерді шешу // Экономика. – 2014. – 7 тамыз.
- [18] Аакер Д.А. *Стратегическое рыночное управление*. - СПб: Питер, 2002. - С. 182-189.
- [19] Schoemaker P.J.H. *Multiple Scenario Development: its conceptual and behavioral foundation // Strategic Management Journal*. - 1993. - Vol. 14. - № 3. - pp. 193-213.
- [20] Porter M. *Competitive advantage: creating and sustaining superior performance (with a new introduction)*. - New York: Free Press, 1998. - pp. 15-18.
- [21] Стариков П.А. *Пиковые переживания и технологии творчества*. - Красноярск, 2011. - С. 75.

REFERENCES

- [1] Chapman J.W. *Political Forecasting and Strategic Planning. International Studies Quarterly*, **1971**, Vol. 15, Issue 3, 317-357 (in Eng.).
- [2] Bunn D.W., Mustafaoglu M.M. *Forecasting Political Risk. Management Science*, **1978**, Vol. 24, Issue 15, 1557-1567 (in Eng.).
- [3] Sylvan D.A., Thorson S.J. *Choosing Appropriate Techniques for Socio-Political Forecasting. Policy Sciences*, **1980**, Vol. 12, Issue 3, 265-282 (in Eng.).
- [4] Rice G. *Strategic Planning and Forecasting Political Risk and Economic Opportunity. Strategic Management Journal*, **1986**, Vol. 7, Issue 1, 97-98 (in Eng.).
- [5] Ascher W., Overholt W.H. *Strategic Planning and Forecasting: Political Risk and Economic Opportunity*. 1st Edition. Wiley-Interscience, **1983**. 311 p. (in Eng.).
- [6] Rice G., Mahmoud E. *A Managerial Procedure for Political Risk Forecasting. Management International Review*, **1986**, Vol. 26, Issue 4, 12-21 (in Eng.).
- [7] Arva B., Beielier J., Fisher B., Lara G., Schrodtt P.A., Song W., Sowell M., Stehle S. *Improving Forecasts of International Events of Interest. The Pennsylvania State University*, **2013**. 59 p. (in Eng.).
- [8] Greenspan A. *The Map and the Territory: Risk, Human Nature, and the Future of Forecasting* Hardcover. Penguin Press, **2013**. – 400 p. (in Eng.).
- [9] Clarke K.A., Primo D.M. *Modernizing Political Science: A Model-Based Approach. Perspectives on Politics*, **2007**, Volume 5, Issue 4, 741-753 (in Eng.).
- [10] Gushhin V.V. *Umenie predvidet'. Kak jetomu nauchit'sja. Prakticheskaja metodika nauchnogo prognozirovaniya politicheskikh processov*. M.: Lenand, **2015**. 456 p. (in Russ.).
- [11] Panarin A. *Global'noe politicheskoe prognozirovanie*. M.: Algoritm, **2002**. 352 p. (in Russ.).
- [12] Popova O.V. *Politicheskij analiz i prognozirovanie*. M.: Aspekt Press, **2011**. 464 p. (in Russ.).
- [13] Turonok S. *Politicheskij analiz i prognozirovanie*. M.: Jurajt, **2016**. 291 p. (in Russ.).
- [14] Absattarov R.B. *Sajasi bolzhamdaudyn ozekti problemalary. Akikat*, **2009**, 9, 13-19.; 10, 24-29 (in Kaz.).
- [15] Tleubekova M.B. *Rol' politicheskogo prognozirovaniya v sovremennyh politicheskikh processah. Sajasat*, **2010**, 5, 71-74 (in Russ.).
- [16] Tleubekova M.B. *Teoretiko-metodologicheskie osnovy issledovaniya politicheskogoprognostirovaniya. Evrazijskoe soobshhestvo: obshhestvo, politika, kul'tura*, **2010**, 2, 155-160 (in Russ.).
- [17] Absattarov R.B. *Sajasi bolzhamdaudyn adisteri zhane sajasi bolzhamdagy katelikterdi sheshu. Jekonomika*, **2014**, 7 tamyz (in Kaz.).
- [18] Aaker D.A. *Strategicheskoe rynochnoe upravlenie*. SPb: Piter, **2002**. 182-189 (in Russ.).
- [19] Schoemaker P.J.H. *Multiple Scenario Development: its conceptual and behavioral foundation. Strategic Management Journal*, **1993**, Volume 14, Issue 3. 193-213 (in Eng.).
- [20] Porter M. *Competitive advantage: creating and sustaining superior performance (with a new introduction)*. New York: Free Press, **1998**. 15-18 (in Eng.).
- [21] Starikov P.A. *Pikovyje perezhivaniya i tehnologii tvorchestva. Krasnojarsk*, **2011**. 75. (in Russ.).

М. О. Насимов

Университет «Болашак», Кызылорда, Казахстан

ПОЛИТИЧЕСКОЕ ПРОГНОЗИРОВАНИЕ: СУЩНОСТЬ И МЕТОДЫ

Аннотация. Общественная и политическая жизнь любого государства не может развиваться без его прогнозирования. Как показывает практика, чем выше уровень разработки прогнозов, тем они качественнее, а значит достовернее и эффективнее, результативнее планирование политического развития общества и его управление. Без умения научно предвидеть ход и развитие политических процессов невозможно обеспечить стабильность развития и функционирования политической системы, способствовать ее к внутренним и внешним изменениям.

Для того чтобы дать ответы на непростые вопросы, требуется непрерывное изучение и прогнозирование политической ситуации, аналитическое предвосхищение хода ее развития. Целью исследователям и аналитикам необходимо иметь в своем распоряжении научно разработанный и обоснованный прогностический аппарат.

В научной статье рассматривается сущность и методы политического прогнозирования. Автор статьи все методы прогнозирования разделяет на интуитивные и формализованные методы. В интуитивных методах анализируются типы методов интервью, аналитических записок, сценарный метод, анкетирование, метод мозговых штурм и Дельфи. В свою очередь из числа формализованных раскрываются методы интерполяции и экстраполяции, математического моделирования, теории вероятностей, математической статистики, системно-структурных и ассоциативных методов.

Ключевые слова: социально-политическое развитие, основные методы политического прогнозирования, интуитивные и формализованные методы прогнозирования, природа прогнозирования, управление.

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

www.nauka-nanrk.kz

ISSN 2518-1467 (Online), ISSN 1991-3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/ru/>

Редакторы *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов, Т. М. Апендиев*
Верстка на компьютере *Д. Н. Калкабековой*

Подписано в печать 11.10.2016.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.

17,9 п.л. Тираж 2000. Заказ 5.